

**Батыс Қазақстан облысының әкімдігі білім басқармасының
балалар мен жасөспірімдердің туризмі және экология орталығы**

«Бекітілді»
ОБЖТЖЭО директоры
_____ В.П. Фомин

**«Жас өлкетанушылар» туристік үйірмесінің қосымша білім
беретін бағдарламасы**

**12-15 жастағы білім алушылар үшін
Бағдарлама жүзеге асырылатын мерзімі 3 жыл**

**Альмуханова Р.С.
Қосымша білім педагогы**

Орал қаласы, 2018 жыл.

Бағдарламаның құрылымы:

- 1. Алғы сөз 3-4 бет**
- 2. Тақырыптық оқу жоспары 5-7 бет**
- 3. Бағдарламаның мазмұны..... 8-16 бет**
- 4. Әдебиеттер тізімі 17 бет**
- 5. Күтілетін нәтиже..... 18 бет**

Алғы сөз

Бұл туристік-өлкетанулық бағдарлама баланың жеке қалыптасуына барлық формасыда көмегін тигізеді және оның интеллектуалдық, рухани және физикалық жетілуіне, туған өлкесін танып білуге, өз бетімен әрекет ету тәжірибелерін жинақтауға бағытталған.

Өлкетану бағдарламасының басты мақсаты:

- өзінің туған өлкесі жайлы білімді терең меңгерту және дамыту;
- жасөспірімдердің бойында белсенді азаматтық ұстаным қалыптастыру және отансүйгіштік сезім тәрбиелеу.

Аталған мақсаттарға сәйкес білім берудің келесі міндеттері шешілуі тиіс:

- 1) оқушылардың танымдық қызығушылықтарын тереңдету;
- 2) практикалық және интеллектуалдық дағды мен шеберлікті қалыптастыру және дамыту;

- 3) болашақ мамандықты саналы түрде таңдауға көмектесу;
- 4) жеке тұлғаның бойында ізденушілік-зерттеушілік қасиетін, экспедициялық жұмыс дағдыларын қалыптастыру;

- 5) әр түрлі тәсілдермен оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамытатын өлкетану жұмысындағы кешенділікті сақтау: жалпы оқу біліктілігі мен дағдысын, байқағыштықты, ойлауды, қиялдауды, ғылымдарға деген сүйіспеншілікті, білімдарлықты және мәдени деңгейін, әдеби және пәндік тілді, бірнеше тілді меңгеруді, әр түрлі мамандық иелерімен, өзінен үлкен-кіші адамдармен қарым-қатынас дағдыларына икемделу, өз бетімен өмір сүруге және болашақтағы мамандығына психологиялық тұрғыдан дайындалу, моральдық-өнегелілік қасиеттерді, туған өлкеге және Отанға деген сүйіспеншілік пен патриоттық сезімдерді тәрбиелеу.

4. Өлкетану сабақтарда, сынып сағаттарында, олардың тәрбиелік мақсаты ретінде («кіші» Отанына деген патриоттық, азаматтық сезімдерді тәрбиелеу) жүзеге асырылады;

5. Өлкетану бағдарламасы үйірмеде зерттеу топтарымен, білім беру ұйымының өлкетану жұмысы белгілеген экспедициялық зерттеу тақырыптары бойынша жүзеге асырылады. Жыл бойы жүргізілген жұмыстың нәтижесі мектептің өлкетану конференциясында қорытындыланады, үздік жұмыстар облыстық конференцияға ұсынылады.

Жыл бойына дайындықты қажет ететін жарыстарға, экспедицияларға, жорықтарға қатысуды және ұйымдастыруды қарастырады. Ол өзіне аймақты өлкетанушылық зерттеу; маршрут құру; ұжымдық-шаруашылық дайындық; жорыққа шығушының тактика-техникалық, моральді- ерікті және физикалық дайындығын тексеру сияқты іс- әрекеттерді енгізеді.

Бағдарлама бір оқу жылына арналған және ай сайын үйірме мүшелерінің демалыс күндері 1-2 жорыққа қатысуларын міндеттейді.

Бағдарламаның мақсаты – алғашқы туристік дағдыларды меңгерту және туған өлкемен таныстыру. Бағдарламаны орындау барысында 5- 10

сынып оқушыларының үйірмешілері туристік және өлкетану бағыты бойынша білім беретін үйірмелерде одан әрі білім алуға мүмкіндік беретін іскерлік дағдыларын игеруге міндетті.

Үйірме сабақтарында, жорықтарда, саяхаттар мен экскурсияларда жас туристер мыналарды үйренуі керек:

- Өлкетанулық бақылаулар жүргізу және материалдарды жинақтау
- Саяхат жоспарын құру және жол бағыты жұмысын жүргізу;
- Байқағандарын белгілеу, жазып отыру;
- Қарапайым тәжірибелер жасау, жиналған материалдарды оқып, коллекция жинақтау;
- Ауа райын бақылау және болжам жасау;
- Таныс емес жерлерді картаның, компастың көмегімен жергілікті заттардың сан алуан ерекшеліктерін, бағытын белгілеу;
- Шатыр құру, алау жағу, тамақ дайындау, қарапайым туристік құралдарды әзірлеу.

Бағдарлама өлкетанулық білімін тереңдету үшін 5-10 сынып оқитын мектеп оқушыларына арналған, 216 сағат, 2 оқу жылына арналған.

Жүзеге асыру уақыты 3 жыл.

Сабақтың жоспарын құрғанда әр уақытта оқушылардың алдында қол жететін мақсаты жоспарланады. Оқушылардың үйірмеге қызығушылығын арттыру үшін жарысқа қатыстыру, қызғылықты объектілерге, музейлерге, экскурсия жасау, бір күндік және көп күндік жорықтарға шығу көзделеді.

Тақырыптық оқу жоспары

Р/С	Тақырыптардың және бөлімдердің атауы	Сағат саны				Уақыты
		Барлығы	Дәріс	Практика		
				Ғимарат	Аймақ	
I бөлім – Кіріспе						
1	Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласының негізгі идеясы. «Туған жер» бағдарламасымен таныстыру.	3	3			15.09.18
2	Қауіпсіздік ережелерімен таныстыру.	3	3			19.09.18
3	«Қазақстанның жеті кереметі» туристік-өлкетанулық экспедиция тақырыбында эссе жазу.	3		3		22.09.18
4	Туристік техника негіздері. Жорық қауіпсіздігі және жорық ауданымен танысу.Топтық құрал-жабдықтар.	6			6	26-29.09.18
5	Жорық ұйымдастыру.	9			9	06,10,13.10 18
II бөлім - «Тарихы терең туған өлкем»						
6	Қазақ қайдан шыққан ?	3	3			17.10.18
7	Батыс Қазақстан облысының тарихы.	6	3	3		20.10.18
8	Батыс Қазақстан скиф қазыналары.	6		3	3	24-27.10.18
9	Батыс Қазақстан облыстық өлкетану музейіне және археология орталығына экскурсия.	6			6	31.10- 03.11.18
10	Мұрағат қорымен жұмыс.	6		6		07-10.11.18
11	Жаяу туризм техникасы.	6			6	14-17.11.18
12	Батыс Қазақстан облысының географиялық жағдайы,климаты.	3			3	21.11.18
13	Гидрологиясы,өсімдік жамылғысы, жануарлар әлемі.	3		3		24.11.18
III бөлім – Жер -су атаулары-тарихымыздың айнасы (топонимикасы,ономастика)						
14	Топонимика. Өлке аймағында	3		3		28.11.18

	жер-су, елді мекендердің шығу тегі.					
15	Топономикалық зерттеулер жүргізу . Мұрағаттармен жұмыс. Зерттеу қорытындысы.	6		6		01-05.12.18
16	Компос. Картамен жұмыс.	6	3		3	08-12.12.18
17	Топографиялық шартты белгілер.	6	3		3	15-19.12.18
18	Алғашқы көмек. Топтық қобдиша.	3			3	22.12.18
III бөлім –«Ұлы халық –дана халық»						
18	Дана бабалар, ұлы хандар.	3		3		26.12.18
19	Билер,шешендер,жыраулар. Батырлар ел қорғаны.	3		3		29.12.18
20	«Ақынның аты, ғалымның хаты өлмейді».	6	3	3		02-05.01.19
21	Қоғам қайраткерлері.	3		3		09.01.19
22	Ұлы Отан соғысының ардагерлерімен кездесу. Зерттеу жүргізу және бейнеролик түсіру.	9	3		6	12,16-19.01.19
23	Ғылыми тақырыптардың қорытындысы бойынша жұмыстану. Ғылыми тақырыптары бойынша жобалар жазу.	6	3		3	23-26.01.19
24	Жіп байлау түрлері	6		6		30.01-02.02.19
IV бөлім –«Жер кіндігі –Ақ Жайық»						
25	Орал қаласының тарихи – археологиялық ,тарихи-архитектуралық объектілерін зертеу, тарихымен танысу.	6		3	3	06-09.02.19
26	Қала көшелерінің тарихы.	6		3	3	13-16.02.19
27	Батыс Қазақстан облысының киелі жерлерімен, аудандарымен танысу. «Менің туған өлкем» мақала жазу.	3		3		20.02.19
28	Экскурсиялық объектілердің өлкетанулық бақылауларының қорытындысы	6		3	3	23-27.02.19

29	Өлкеміздің туристік мүмкіндіктері, музейлерге экскурсия. «Көне Орал» экскурсиясы.	6			6	02-06.03.19
30	Жорықтағы өлкетанулық бақылаулар	3		3		09.03.19
31	Экскурсиялық бағдарлау жарысына әзірлік.	3			3	13.03.19
<i>V бөлім – «Рухани жаңғыру – ұлттық жаңғыру»</i>						
33	Қазақ халқының мәдениеті, салт-дәстүрлері.	3		3		16.03.19
34	Өлке территориясындағы халықтардың ұлттық ерекшеліктері, дәстүрлері.	3		3		20.03.19
35	Қазақ халқындағы «7» санының киелілігі, ырым-тыйымдар. Ұлттық мейрамдар.	3		3		23.03.19
36	Қазақ халқының ұлттық ойындары. Ұлттық тағамдар. Ұлттық киімдер.	6		3	3	27.03.19 30.03.19
37	Тау туризм техникасы.	6			6	03- 06.04.19
38	Рухани жаңғыру – ұлттық жаңғыру (киіз үйге экскурсия).	6			6	10- 13.04.19
<i>VI бөлім – Туристік-өлкетанулық жорықтар. Қорытынды.</i>						
39	Туристік жорықтарға, экспедицияларға әзірлік жұмыстары.	3			3	17.04.19
40	Жорықтағы қоғамдық пайдалы жұмыстар және табиғи ескерткіштерді қорғау.	3			3	20.04.19
41	«Қазақстанның киелі орындары» . Іздестіру-зерттеу тақырыптарымен жұмыстану.	3			3	24.04.19
42	Жорыққа, экспедицияға шығу. Жорық есебін тапсыру.	24			24	27.04, 04,08,11,15, 18,22,25.05.
	Барлығы	216	30	72	114	

Бағдарлама мәтіні
I бөлім.Кіріспе

1. Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласының негізгі идеясы. «Туған жер» бағдарламасы.

Елбасының бұл мақаласында қазіргі Қазақстанның басты рухани құндылықтары айқын көрініс тапқан. Бұл – мақала ғана емес, мазмұны терең, ауқымы өте кең, ұлт руханиятын ХХІ ғасыр биігіне көтеретін рухани жаңғыру бағдарламасы деуге болады. Елбасы ғылым, білім, мәдениет пен тарихты тұтастай қамтитын ұлттық рухани жаңғыру бағдарламасын халық назарына ұсынып отыр. Ол – Ұлы Дала елінің бойында белгілі тарихи себептермен қалғып кеткен прагматизмді ояту арқылы ұлттық, қоғамдық ойға, іске сілкініс әкелу, тәуелсіз елдің санасы мен ағзасын отаршылдық, кембағалдық, бойкүйездік комплекстерінен тұтастай арылту. Мемлекет басшысы қазақтың ежелгі «дәстүрдің озығы бар, тозығы бар» қағидасын мықтап ұстануға шақырады: «Мен қазақстандықтардың ешқашан бұлжымайтын екі ережені түсініп, байыбына барғанын қалаймын. Біріншісі – **ұлттық код**, ұлттық мәдениет сақталмаса, ешқандай жаңғыру болмайды. Екіншісі – алға басу үшін ұлттың дамуына кедергі болатын өткеннің **кертартпа тұстарынан бас тарту** керек». Мемлекет басшысы нұсқап отырған ұлттық бірегейлікті сақтай отырып, заман ағымына қарай оның сипаттарын өзгерту, «**білім культін**» қалыптастыру, мемлекет пен қоғамды революциялық емес, **эволюциялық жолмен дамыту**, ең бастысы, сананың ашықтығын, яғни әлемдік озық жаңалықтарға, ғылым-білімге құшақты айқара ашу идеялары ұлттың рухани-мәдени қалыбы болмақ. Әрі жаңа дәуір сынақтарын бәсекелік қабілеті ерекше ел ғана еңсере алады. Осы тұрғыда Елбасының мемлекет пен қоғам алдына қойып отырған нақты міндеттері рухани саладағы түбегейлі реформалардың бастауына айналарына күмән жоқ. Сондай-ақ, «**Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы**» жобасы жалпыұлттық қасиетті орындарды және аса қастерлі жерлерді сақтауға, әрі елдегі туристік инфрақұрылымды дамытуға мүмкіндік береді. «Жаһандағы заманауи қазақстандық мәдениет» жобасын іске асыру Қазақстанды өз шығармашылығы арқылы дүние жүзіне танытатын көптеген таланттарға жол ашады. Ендігі міндет – осы айтылғандарды іске асыру жолында аянбай еңбек ету, білім алу. Осы бағдарлама Қазақстанның киелі орындарына жорық пен экспедициялар ұйымдастыра отырып, өз туған жерінің тарихын танып білуге жол ашады. «Туған жер» бағдарламасы «рухани жаңғыру» бағдарламасының құрамдас бөлігі болып табылады. Тұжырымдаманың негізгі бағыттары: өлкетану, туған жерді қолдау, ақпараттық қолдау. «Туған жерге деген сүйіспеншілік нені білдіреді, жалпы, бағдарламаның мәні неде?

Бірінші, бұл білім беру саласында ауқымды өлкетану жұмыстарын жүргізуді, экологияны жақсартуға және елді мекендерді абаттандыруға баса мән беруді, жергілікті деңгейдегі тарихи ескерткіштер мен мәдени нысандарды қалпына келтіруді көздейді.

2. Қауіпсіздік ережелерімен таныстыру.

Жас туристің ережелерімен танысу. Жас туристтердің ұраны: «Сеннен кейін бұрынғыдан да таза болуы қажет» .

Туристтік міндеттер. Туристтік серуен, жорықтар кезіндегі қоғамдық тапсырмалар, өлкетанулық-танымдық және зерттеу жұмыстары.

Жарыстарға, экскурсияларға әзірлік жұмыстары.

Спорттық –туристік шаралар және өлкетанулық шараларға қатысу. Жұмыс бөлісу тәртібі және міндеттері. Команда капитаны және команда мүшелерінің міндеттерін бөліп беру.

Оқу сыныбында және спорт залдағы , саябақтағы, ормандағы оқу-жаттығуды жүргізу қауіпсіздік ережелері. Құрал-жабдықтарды сақтау ережелері.

Денсаулықты нығайту. Топ мүшелерін тазалық, жауапкершілікке баулу.

Практикалық сабақтар

Су жағасына экскурсия ұйымдастыру және танымдық біліктіліктерін арттыру. Қоршаған орта өзгерістерін бақылау. Туған өлке табиғи ескерткіштерімен танысу.

3.«Қазақстанның жеті кереметі» туристік-өлкетанулық экспедиция тақырыбында эссе жазу.

Жазғы каникул кезінде ұйымдастырылған экспедиция туралы эссе жазу.

4.Туристтік техника негіздері. Жорық қауіпсіздігі және жорық ауданымен танысу.Топтық құрал-жабдықтар.

Шатырлар және тенттар және оның түрлері, шатырдың құрлысы, күту және жөндеу. Асханалық заттарды күту және ыдыс –аяқтарды жуу оған қойылатын талаптар.

Табиғатты бақылау құралдары және өлкетанулық тапсырмаларды орындау үшін қажетті құрал-жабдықтар.Экскурсияда және жорықтарда бинокль, фотоаппарат, бейнекамера т.б. құрал-жабдықтарды тиімді пайдалану. Туристтік топтың жас фотограф (бейнеоператор) міндеті, фототүсірілім және бейнетүсірілімдер туралы күнделік жүргізу.

Шаруашылық меңгерушісі, оның құжаттарын жүргізуі.

Топтық құралдарды жинақтау. Туристтік серуен, жорық, экспедиция кезіндегі топтық құрал-жабдықтарды орналастыружәне оларды сауатты пайдалану.

Жеке және топтық жөндеу жиынтығы

Жөндеу жиынтығының құрамы (қайшы, біз, отвертка, изолента, желім , мыс сым т.б.) Жөндеу жиынтығын дұрыс пайдалану, жөндеу шеберінің және шаруашылық меңгерушісінің жөндеу жұмыстарын дұрыс ұйымдастыру. Дер кезінде жөндеу жұмыстарын жүргізу.

Сарамандық жұмыстар

«Шебер» ойының ұйымдастыру (жамау түрлері, жабыстыру, шаңғы жөндеу, орамал, жолқапшық және т.б. ; жөндеу жиынтығының құралдарын дұрыс пайдалану).

5. Жорық ұйымдастыру.

Топ жетекшісінің бұйрығын қалтқысыз орындау бұл топтың қауіпсіздік кепілі. Жорықтар кезінде көптеген қызықтар мен жаңалықтарды үйретіп, қоршаған ғаламдағы табиғат аясымен, көшеде жүру ережесін сақтау. Түрлі табиғи өзгерістерде турист-өлкетанушылардың өздерін ұстау ережелері, Туристік алау жағу ережесі, дұрыс бивуак құру. Дәрілік өсімдіктерді жинау. Қоршаған ортадағы жануарлар әлемімен кездескендегі қауіпсіздік шарасы. Экскурсия, жорықтар кезіндегі тыныштық сақтау. Қоршаған ортадағы кездейсоқ-апаттық жағдайдағы қарапайым қауіпсіздік шаралары.

Табиғатты қорғау және бивуак

Тұрмыстық қалдықтарды қысқы жорықтарда зиянсыз лақтыру, Бивуактың (Су жағасында) дұрыс орналасуы. Түрлі шатырларды («Қыс», «Тасбақа» т.б.) құру. Шатырды жинау және оны тасымалдау. Алау жағу түрлері және дұрыс орналастыру. Алау жаққандағы өрт сөндіру қауіпсіздік шаралары. От жағу, отын сақтау жұмыстары. От жағушы кезекшілерді қою.

Бивуак құру және табиғатты қорғау

Бивуак құру кезіндегі табиғатты қорғау. Қысқы жорық кезінде және экскурсия кезіндегі қалдықтарды өңдеу.

Бивуакты құру кезіндегі су, өзен жағасында жабдықтау, алау, тамақ ішетін орын, демалатын орын, жуынатын жер, ыдыс жуытан жер, қоқыс төгетін орын, әжетхана.

Шатыр құратын жерді дайындау, шатыр және тент құру. Тасымалдауға шатырды дайындау. Туристік алауды негізгі түрлері: "шалаш", "құдық", "таеж". Алау жағатын орынды дайындау. Өрт қауіпсіздік сақтау. От жағатын орын дайындау, отын дайындау және сақтау. От жағу. Кезекші отжағушының міндеті, Сіріңке қорабы және құрғақ отын. Отынды тасымалдау. Алауды сөндіру және табиғатты қорғау.

Практикалық сабақтар

"Бивуак орнын таңдау" ойыны. Бивуак орнын таңдау қоғамдық және өлкетанулық тапсырмаларды орындауды ұйымдастыру. Лагерь құру.

Шатырдың құралдарын түгендеу. Шатырды спорт залда құрып үйрену. Шатырды бұзып және жинау. Алауда тамақ пісіру. Отты киім кептіруге және жылынуға дайындау.

II бөлім - «Тарихы терең туған өлкем»

6. Қазақ қайдан шыққан 1465 жылы Қазақ хандығы құрылып, XV ғасырдың аяғы мен XVI ғасырдың басында қазақ халқы қалыптасып, «қазақ» сөзінің халық аты ретінде берік орныққаны тарихтан мәлім. Сол заманнан бері «қазақ» атауы туралы, оның шығуы, пайда болуы жайлы алуан түрлі пікірлер айтылып та, жазылып та келеді.

7. Батыс Қазақстан облысының тарихы.

Батыс Қазақстан өңірі-қазақ елінің бір бөлігі. Олай болса оның тарихының бір құрамы екендігіне шек келтіруге болмайды. Ал, сол тарихқа сүбелі үлес қосатын да жалпы қазақтың бір құрамы Кіші жүз, соның ішінде Батыс

Қазақстан аймағының жұрты болмақ. БҚО-ның ежелгі тарихы, Ноғай ордасы, Қазақ хандығы, БҚО Ресей империясы құрамында, Бөкей хандығы, БҚО кеңес өкіметін орнату және азамат соғысы, БҚО-ны Ұлы Отан соғысы жылдарында тақырыптарында тарихи мәліметтермен қысқаша оқушыларға мәлімет беру.

8. Батыс Қазақстан скиф қазыналары.

9. Батыс Қазақстан облыстық өлкетану музейіне және археология орталығына экскурсия.

Өлкеміздің терең тарихымен танысу мақсатында аталмыш мекемелерге апару, мағлұмат жинау.

10. Мұрағат қорымен жұмыс.

Оқушыларды мұрағатпен жұмыс жасауға, ғылыми тақырыптары бойынша материалдар жинауға баулу.

11. Жаяу туризм техникасы.

(Практикалық сабақ)

12. Батыс Қазақстан облысының географиялық жағдайы, климаты.

Батыс Қазақстан облысы — Қазақстан Республикасының солтүстік-батысындағы әкімшілік-аумақтық бөлік. Шығысында Ақтөбе, оңтүстігінде Атырау облыстарымен, батысында Ресейдің Астрахан, Волгоград, солтүстік-батысында Саратов, Самара, солтүстігінде Орынбор облыстарымен шектеседі. Облыс 1932 ж. 10 наурызда *Орал облысы* болып құрылған. 1996 жылдан Батыс Қазақстан облысы болып аталады. Жерінің аумағы 151,3 мың км², тұрғындары 624 мың адам (2014). Әкімшілік жағынан Батыс Қазақстан облысы 12 ауылдық, 2 қалалық әкімшілік ауданға, олар 4 кенттік және 155 ауылдық әкімшілік округтерге бөлінген. БҚО-ның географиялық жағдайымен, климатымен, гидрографиясымен, Жайық өзені, топырағы, өсімдігімен, жануарларымен қысқаша таныстыру. Өз беттерімен жұмыстануға тапсырмалар беру.

13. Гидрологиясы, өсімдік жамылғысы, жануарлар әлемі.

Облыстағы өзендер Каспий теңізі алабында жатыр. Ұзындығы 100 км-ден асатын 14 өзен бар. Басты су артериясы — **Жайық өзені** солтүстік-шығыстан оңтүстікке қарай ағады. Оның облыс жеріндегі Ұзындығы 500 км-дей. **Жайыққа** облыс

аумағында **Емболат**, **Шаған**, **Деркүл**, **Елек**, **Шыңғырлау**, **Барбастау** өзендері құяды. Облыстың шығыс жағындағы шағын Өлеңті, Қалдығайты, Жақсыбай өзендері Орал үстіртінен басталып құмға сіңіп жоғалады. Батыс Қазақстан облысының тоғайлы-орманды өңірлерінде бұлан, елік, өзендер бойындағы қалың қамыс арасында қабан, оңтүстігіндегі құмды жағында ақбөкен, түлкі, қарсақ, қасқыр, қоян, күзен, құндыз; кеміргіштерден сарышұнақ, құм тышқаны, т.б. мекендейді. Облыста құстардың көптеген түрлері (аққу, қоңырқаз, сұрқаз, тырна, бірқазан, балықшы, құр, ақиық, кезқұйрық, безгелдек, қаршыға, т.б.) кездеседі. Өзен-көлдері балыққа бай (сазан, көксерке, аққайраң, табан, жайын, шортан, т.б.). Жайық өзенінде бекіретәріздестер (бекіре, шоқыр) кездеседі. Облыс аумағында сүтқоректілердің 70 түрі, құстардың 310 – ға жуық, рептилияның 19, қос мекенділердің 7, балықтардың 51, әр алуан омыртқасыздардың мыңдаған

және дөңгелек ауыздылар мекендейді. Сүтқоректілерден өздерінің алуан түрлілігімен ерекшелінетін кеміргіштер де бар.

Облыстың солтүстік бөлігінде бетегелі дала өсімдіктері мен шөлейт белдемнің өсімдік түрі басым. Өзен жайылымдарында астық тұқымдасты шөп түрлері, кей жерлерде қалың қамыс, құрақ өскен. Жайық аңғарында терек, емен, қайың, тал, Сырт және Орал үстіртінде, Елек өзені алабында шок қайың орманы көптеп кездеседі. Облыстың флорасында 106 тұқымдасқа жатқызылатын гүлді өсімдіктердің 1300 – ге жуық түрі, олардың ішінде күрделі гүлді (220), атбас бұршақты (139), астық тұқымдас (118), көкпек (113), зиягүл (104) түрлері бар.

III бөлім – Жер - су атаулары тарихымыздың айнасы (топономикасы, ономастика)

14.Топономика. Өлке аймағында жер-су, елді мекендердің шығу тегі.

Өлке топономикасымен жұмыс. Оқушыларға альфавиттік анықтама, жинақ шығаруды тапсыру.

15.Топономикалық зерттеулер жүргізу. Мұрағаттармен жұмыс. Зерттеу қорытындысы.

Жұмысты қорытындылау

16. Компос. Картамен жұмыс. Картада нүктелерді, су объектілерін, мекемелерін, өсімдіктерді картада бейнелеу.Шартты белгілер.

Практикалық сабақ

Спорттық картада жергілікті жердің сызбасын бейнелеу. Топографиялық диктант, кроссворд, аңыз арқылы жылжу, шартты белгілерді таңып білу.

17. Топографиялық шартты белгілер. Картада кездесетін топографиялық шартты белгілермен таныстыру. Есте сақтау қабілеттерін дамыту.

Картада нүктелерді, су объектілерін, мекемелерін, өсімдіктерді картада бейнелеу.Шартты белгілер.

Практикалық сабақ

Спорттық картада жергілікті жердің сызбасын бейнелеу. Топографиялық диктант, кроссворд, аңыз арқылы жылжу, шартты белгілерді таңып білу.

18. Алғашқы көмек. Топтық қобдиша.

Туған өлке бойынша жүргізілетін жорықтарда болуы мүмкін жарақаттар, жарақаттанған жағдайларда көмек көрсету. Жарақаттанған адамды тасымалдау ережелері. Практикалық сабақ. Денеде түрлі жаралар мен сынықтар болған жағдайда алғашқы көмек көрсету тәжірибелері. Реанимация тәсілдері. Жарақаттанған адамды қолмен, зембілмен тасымалдау. Киім бөлшектерінен зембіл құрастыру.

Топтың медбикесі жеке және топтық қобдишаны жинақтаумен жұмыстануы қажет. Жеке және топтық қобдишаның құрамы. Дәрі –дәрмек түрлері, дәрумендер, тану материалдары және олардың қорабы, сақтау шарттары. Экскурсия, жорықтарда медбикенің қызметі. Медбикенің күнделігі.

Практикалық сабақтар

Медициналық қобдишаны жинақтау. Сақталу мерзімін тексеру.

III бөлім –«Ұлы халық –дана халық»

19. Дана бабалар, ұлы хандар.

Әбілқайыр ханның саяси келбеті, Жәңгір ханның қызметімен таныстыру.

20. Билер, шешендер, жыраулар, қазақ батырлары.

Қазақ билері — ерте заманда осы күнгі соттың да, тергеушінің да қызметін атқарған. Билер өздерінің бір ғана сөзімен небір шытырман даулы мәселелердің дұрыс шешімін тауып отырған. Қазақ билері әділ және елге сыйлы болуға тиісті болатын. Өз әділдігімен елге танымал болған қазақтың атақты билері: Төле би (1663—1759 жж.) Қазыбек би (1667—1764 жж.) Әйтеке би (1644—1700 жж.) Қазақ халқының бұл билері елді үш жүздің бірлігін сақтауға шақырды. Қазақтың батырларымен таныстыру (Қабанбай, Бөгенбай, Есет, Абылай т.б.)

21. «Ақынның аты, ғалымның хаты өлмейді»

Батыстың ақын жазушыларымен танысу, тақырыптармен жұмыстану (Қ.Мырзалиев, Х.Есенжанов, А.Бақтыгереева, Ж.Молдағалиев т.б.)

22. Тарихи тұлғалар, қоғам қайраткерлері. (19-20 ғ.ғ. басындағы туған өлке тұлғалары) М. Өтемісұлы, Қ. Сағырбайұлы, Д. Шығайұлы, Д. Нүрпейсова, С.Оразалыұлы, М. Мералыұлы, М. Бабажанов, М. Бекмұхамедов, Б.Құлманов, Б.Қаратаев, Ғ.Қараш, С. Мендешов сынды тұлғалардың қызметімен танысу және іздестіру-зерттеу жұмыстары.

23. Ұлы Отан соғысының ардагерлерімен кездесу. Зерттеу жүргізу және бейнеролик түсіру.

ҰОС жылдарында Орал өңірінің 39 жауынгері Кеңес одағының батыры, ал 6 жауынгер жерлесіміз Даңқ орденінің толық иегерлері атанды. Ұлы Отан соғысына қатысқан БҚО-ның қазақ қыздары. Ғылыми-ізденіс жұмыстарын жүргізу. Оқушылардың отбасындағы жауынгер аталары туралы деректер жинақтау.

24. Ғылыми тақырыптардың қорытындысы бойынша жұмыстану. Ғылыми тақырыптары бойынша жобалар жазу.

25. Жіп байлау түрлері

Оқушыларды туристік жіп байлау түрлерімен таныстыру және үйрету.

IV бөлім – «Жер кіндігі – Ақ Жайық»

26. Орал қаласының тарихи – археологиялық, тарихи-архитектуралық объектілерін зерттеу, тарихымен танысу.

Орал қаласы тек қана тарихымен емес көне ескерткіштерімен, тарихи нысандарымен танымал. Оралдың және аудандардың тарихи-архитектуралық ескерткіштерімен тарихымен толық таныстыру, зерттеу.

27. Қала көшелерінің тарихы.

Қаламыздың ірі көшелерінің тарихымен танысу.

28. Батыс Қазақстан облысының киелі жерлерімен, аудандарымен танысу. «Менің туған өлкем» мақала жазу.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мемлекеттік бағдарламасы, «Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы» жобасы аясында Батыс Қазақстан облысының аумағында орналасқан Республикалық маңызы бар нысандар тізіміне 6 нысан енді. Олар:

1. Бөкей Ордасы тарихи кешені;
2. Жайық қалашығы;
3. Тақсай қорған кешені;
4. Жымпитыдағы «Алаш Орда» үйі;
5. Ғұмар Қараштың жерленген жері;
6. Жұмағазы хазірет (Дәдем Ата) кесенесі.
7. Дәулеткерей Шығайұлы кесенесі

29. Экскурсиялық объектілердің өлкетанулық бақылауларының қорытындысы

30. Өлкеміздің туристік мүмкіндіктері, музейлерге экскурсия. «Көне Орал» экскурсиясы.

Қала бойынша және музейлерге жыл бойы экскурсия ұйымдастыру.

31. Жорықтағы өлкетанулық бақылаулар

Жорықта өлкетанулық тасырмалар бойынша деректер жинауға баулу.

32. Экскурсиялық бағдарлау жарысына әзірлік.

V бөлім – «Рухани жаңғыру – ұлттық жаңғыру»

33. Қазақ халқының мәдениеті, салт-дәстүрлері.

Көптеген ғасырлардың барысында **қазақтардың** өзіндік бірегей **әдет-ғұрыптары** мен **салт-дәстүрлері** қалыптасты. Қазақтардың әдет-ғұрыптары мен салт-дәстүрлері үй ішіндегі **отбасылық** және адамдардың өзге де топтары арасындағы өзара **қарым-қатынастарды** қалыптастыруда үлкен рөл атқарды.

34. Өлке территориясындағы халықтардың ұлттық ерекшеліктері, дәстүрлерімен танысу.

35. Қазақ халқындағы 7 санының киелігі, ырым-тыйымдар.

Қадым замандардан бері Жер бетін мекендеп келе жатқан халықтардың көпшілігі жеті санында сиқырлы күш бар деп санаған. Оны кие тұтып, қастерлеген небір ұлттар да болды. Соның бірі – қазақ халқы. Біздің ата-бабаларымыз да жеті санын қастерлеп, бірқатар таным-түсінігі мен табиғат құбылыстарын, аспан денелерін жеті санымен атап, ата заңдарына, салт-дәстүріне арқау етіп келеді. Жеті ата. Бұл – қазақ халқының дәстүрлі салт-санасында адамның ата жағынан тегін таратудың нақты жүйесі. Өрбір қазақ баласы өзінен бастап жеті атасының аты-жөнін білуге міндетті. Мұны әкешесі, ата-әжесі үйретіп, жаттатуға тиіс. "Жеті атасын білмеген жетесіз" деген аталы сөзді өзіңіз де білетін боларсыз. Өйткені қазақта жеті атаға дейін қыз алыспайды, оған дейінгі ұрпақ бір атаның баласы – туыс саналады. Қазақтар негізінен жеті атаны былайша таратады: 1. Бала. 2. Әке. 3. Ата. 4. Үлкен ата. 5. Баба. 6. Түп ата. 7. Тек ата.

36. Қазақ халқының ұлттық ойындары, ұлттық тағамдар, ұлттық киімдер.

Қазақтың ұлттық тағамдары - өте дәмді. Дәрумендер мен ақуыздарға бай, жоғары калориялы, құнарлы, маңызы зор тағамдар. Сусындары шипалы. Қазақ халқы киімге аса жоғары мән берген. Ешқандай арнайы фабрикасы болмай-ақ, ешбір оқу бітірмей-ақ ұл-қызын өзінің төл киім-кешегімен

камтамасыз етті. Және де киім болғанда қандай! Оған қарап ел-жұртын, жасын, атақ-даңқын, қоғамдағы орнын ажыратуға болады. Сәбиіне үкілі тақия кигізіп, ұзатылатын қыздың сәукелесін бір үйір жылқыға бағалап, арындай аппақ жаулығынан сәбилі болғанын, күмбездей кимешегінен үбірлі-шүбірлі ана екенін танитын болған. Ұлттық киімдеріміз пайдалану, тұтыну ерекшеліктеріне қарай күнделікті, сәндік киімдер, жыл мезгілдеріне байланысты қыстық, маусым аралық, жаздық, күздік киімдер болып бөлінеді. Жас және жыныс ерекшеліктеріне сәйкес мынандай түрлерге жіктеледі: сәби киімі (иткөйлек, сылау тақия), бала киімі (кепеш, малақай, құлақшын, жейде, дамбал, шалбар, етік, бешпент, шапан), бозбала киімі (тақия, етік, жейде, шалбар), бойжеткен киімі (желбіршек- ті көйлек, тақия, кәзекей), қалыңдық киімі (сәукеле, желек), келіншек, бәйбіше киімі (көйлек, кимешек, жаулық, қамзол, кебіс, мәсі, көкірекше), күйеу, жас жігіт, ақсақал киімдері (шапан, ішік, бешпент, сырма шалбар, ақ жейде, саптама етік, кебіс, мәсі). Әлеуметтік дәрежесіне, қызметіне байланысты ұлттық киімдер мынандай да топқа бөлінеді: жоғары текті қазақтардың киімі, сал-серілер киімі, сән-салтанат киімдері, ұлттық ойын-сауық, жарыстарда киетін киімдер, ғұрыпты киімдер, қазақтың неке киімдері, күйеу жігіт киімі, қалыңдық киімі, дінге байланысты салт-тық және ғұрыптық киімдер, діндарлар киімі, жерлеу рәсіміне байланысты өлікке кигізілетін киім, аза тұтушылардың қаралы киімдері, қазақтардың ертедегі сулық және кәсіптік киімдері, малшылар киімі, аңшылар киімі, батырлар киімі және т.б.

37. Тау туризм техникасымен таныстыру.

38. Рухани жаңғыру-ұлттық жаңғыру (киіз үйге экскурсия)

VI бөлім –Туристік-өлкетанулық жорықтар. Қорытынды.

39. Туристік жорықтарға, экспедицияларға әзірлік жұмыстары.

Жазғы экспедициялардың бағдарламасын құру, жорыққа дайындық, жұмыс бөлісу тәртібі. Маршрут құру және жорыққа шығу.

40. Жорықтағы қоғамдық пайдалы жұмыстар және табиғи ескерткіштерді қорғау. Жорық кезінде тазалық акциялар ұйымдастыру және ескерткіштерге күтім жасау.

41. «Қазақстанның киелі орындары» .Іздестіру-зертеу тақырыптарымен жұмыстану.

ҚР Ұлттық музейі жанынан құрылған «Қасиетті Қазақстан» ғылыми зерттеу орталығы «Қазақстанның жалпыұлттық киелі орындары» жобасының 100 нысанының тізімін ұсынды.

41. Жорыққа, экспедицияға шығу. Жорық есебін тапсыру.

Бивуак құру. Отын дайындау. Тамақ әзірлеу. Жұмыс бөлісу тәртібі.Туристік ойындар. «Далалық өсімдіктерді» анықтау, «Табиғатты қорғау» (тұрмыстық қалдықтардан тазарту) және қоғамдық пайдалы

жұмыстар. Оқушыларды жорықтан соң қорытынды жасауға үйрету, есеп жазуға баулу.

Бағдарламаны іске асыру шарттары

Аталған бағдарламаны орындаумен қатар нәтижелі жұмыс атқару үшін төмендегідей материалдық-техникалық жағынан қамтамасыз ету қажет:

- сабақ жүргізетін оқу кабинеті және іс-шараларды өткізуге арналған залдар;
- жолдорба;

- төсек-қап, каримат, төсеніш;
- шанду, күрке, фонарик, планшет;
- шатыр, қазан, күрек, таганка, балта, ара;
- әр түрлі ұзындықтағы арқандар және бау;
- компас, фотоаппарат, болкнот, қарындаш, қалам;
- ботаникалық, зоологиялық және геологиялық анықтағыштар жинағы;
- жумар, дюльфер, карабин, полиспаст;
- обвязка, каска;
- шаңғы.

Күтілетін нәтиже

Білім алушылардың практикалық қызметінің нәтижесі жасөспірімдер мен жастардың экологиялық-өлкетанулық тәрбие деңгейімен, салауатты өмір салтымен, өз өлкесінің тарихымен танымал адамдары туралы терең мағлұмат жинау, туристік- спорттық шыңдалуымен, туристік тактикалық- техникалық шеберлігімен және күнделікті өмірдегі экологиялық салауатты жүріс-тұрыстарымен анықталады. Жан –жақты дамыған тұлға қалыптастыру.

1) белсенді азаматтық ұстанымын, жоғары патриоттық сезімін көрсете білуінен, өз Отанына қызмет етуге және оның мүддесін қорғауға дайын болуынан;

2) туған өлкесінің табиғатын сақтауға және көркейтуге, қолынан келерлік еңбегімен оның экономикасын, экологиясын жақсартуға ұмтылуынан;

3) өлкенің көрнекті өкілдерінің рухына, халықтардың тарихына, мәдениетіне және салт-дәстүріне құрметпен қарауынан көрініс табады.

Жүйелі-әрекеттік нәтижелер:

1) іздеу-зерттеу жұмыстары кезінде алынған ақпаратты саралау, өңдеу, жинақтау, қолдану шеберлігі;

2) іс-әрекетті және зерттеуді жоспарлау, танып білу әдістерін меңгеру;

3) қазіргі заманғы ақпараттық технологияларды, білім беру ресурстарын, мұрағат деректерін қолдана білу, алынған ақпаратқа презентация жасау;

4) коммуникативтік қабілетті, көптілділікті дамыту және өздігінен, шағын не үлкен топтарда жұмыс істеу дағдыларын дамыту.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Константинова «Туризм и краеведение», М -ОАО «Издательство» 2005 г
2. Программы «Юные туристы - краеведы», М-ФЦДЮТиК 2006 г
3. Бардин К.В. Азбука туризма. Пособие для руководителей туристских походов в школе.- М.: «Просвещение», 1973 г.
4. Жиздыбаев Т.К. Школьный туризм и краеведение РК. – Алматы, 2001 ж.
5. Куликов В.М., Константинов Ю.С. Топография и ориентирование в туристском путешествии.- М., 1997 г.
6. Куликов В.М., Ротштейн Л.М. Школа туристских вожаков: Учеб.- метод. пособие- М.: Гуманитарный издательский центр ВЛАДОС», 1999 г.
7. Мазбаев О.Б. Туризм және өлкетану негіздері: Оқу құралдары /О.Б. Мазбаев, Б.Н. Атейбеков, Б.К. Асубаев.- Алматы: Каз ҰПУ, 2006 ж.
8. Боранбаева Б.С. «Ұлы Отан соғысына қатысқан БҚО-ның қазақ қыздары» Орал 2005ж.
9. Рысбеков Т.З. Бірімжаров Б.Қ. «БҚО-ның тарихы», Орал 2001ж.
10. Тоғысбаев Б., Сужикова А. «Тарихи тұлғалар» Алматы кітап баспасы 2009 ж.
11. К.А.Ли, В.П. Фомин «Путеводитель Приуралья», Орал қ,1991 ж.
12. Г.Е. Москалев, А.Г. Таранов «Природа Уральской области» , Саратов 1979 ж.
13. Сдыков М.Н. «БҚ скиф қазыналары»,Орал 2003ж.
14. Қазақстан тарихы энц-қ анықтамалық, Алматы 2010ж.